

**Кулбаев Рухан Мадияровичтің 6D080200 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша
ШІКІРІ**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: <u>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Кулбаев Рухан Мадияровичтің 6D080200 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған № BR06249373 «Ірі қара шаруашылығында селекция әдістерінің тиімділігін арттыру» және 2021-2023 жылдарға арналған № BR06249373 «Ірі қара шаруашылығында селекция әдістерінің тиімділігін арттыру» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми жобасының негізінде «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ-н университетінде орындалды.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Ғылыми маңыздылығы – Батыс Қазақстан облысы жағдайында қазақтың ақбас тұқымы малының түрлі тұқымішілік типтерінің тұқымдылық қасиеттері, өнімділік сапасы және кейбір физиологиялық-биохимиялық көрсеткіштері алғаш рет салыстырмалы түрде зерттеліп, алынған нәтижелер шаруашылықтарға ұсынылып, тәжірибеде енгізілген. Зерттеу нәтижелері ірі қара шаруашылығында селекциялық үрдісті тиімді басқару технологиясын жасауға, білім алушылардың білім деңгейін көтеруге және ғалымдардың өз зерттеулерінде жаңа әдістерді қолдану арқылы білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен;	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы жоғары деңгейде орындалған. Диссертация академиялық стандарттарға сай жоғары деңгейде жазылған.

		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Батыс Қазақстан облысы жағдайында қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарының әртүрлі тип топтарына жататын өкілдерінің шаруашылық маңызы бар көрсеткіштері мен таңдаулы биологиялық сипаттамаларын зерттелген. Бұл зерттеулер қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарының әртүрлі типтеріне жататын туралы ақпаратты кеңейтуге арналған алғашқы қадам ретінде қарастырылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Кулбаев Рухан Мадияровичтің диссертациясының мазмұны диссертацияның тақырыбын толық айқындайды. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, төрт тараудан, қорытынды мен ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. <u>Жұмыстың мақсаты</u> – Батыс Қазақстан облысы жағдайында қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарының әртүрлі тип топтарына жататын өкілдерінің шаруашылық маңызы бар көрсеткіштері мен таңдаулы биологиялық сипаттамаларын зерттеу. <u>Жұмыстың міндеттері:</u> 1. Қазақтың ақбас тұқымы ішіндегі тұқымішілік типтердің шаруашылықтық маңызды фенотиптік және биологиялық көрсеткіштерін анықтау; 2. Аңқатылық ірілендірілген, шағатайлық тұқыл және заволжский типтерінің бұқашықтарының өсу-даму қарқынын салыстырып бағалау; 3. Әртүрлі тұқымішілік типтегі бұқашықтардың физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштерін зерттеу; 4. Әртүрлі типтегі бұқашықтардың генетикалық құрылымын микросателлиттік маркерлер бойынша талдау жасау; 5. Бұқашықтардың ет өнімділігін анықтау; 6. Әртүрлі типтегі бұқашықтарды бағып-өсірудің экономикалық тиімділігі.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа	

		шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Батыс Қазақстан облысы жағдайында қазақтың ақбас тұқымы малының түрлі тұқымішілік типтерінің тұқымдылық қасиеттері, өнімділік сапасы және кейбір физиологиялық-биохимиялық көрсеткіштері алғаш рет салыстырмалы түрде зерттеліп, алынған нәтижелері шаруашылықтарға ұсынылған, тәжірибеде енгізілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтырдың әртүрлі тұқымішілік типтерінің тұқымдылық қасиеттері, өнімділік көрсеткіштері алғаш рет салыстырмалы түрде зерттелген. Алынған нәтижелері қазақтың ақбас тұқымы тұқымішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілерін жақсарту мақсатында «Аңқаты» ірілендірілген» және «заволжский» типті малын кеңінен қолдану қажет. Қазақтың ақбас тұқымы әртүрлі тұқымішілік типтері туралы ақпаратты кеңейту үшін аталған зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мол.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Нәтижелердің шынайылығы зерттелетін қазақтың ақбас тұқымының жануарларынан жеткілікті іріктеме алуымен және алынған қорытындылардың дұрыстығын растауға мүмкіндік беретін статистикалық әдістер кешенін қолданумен дәлелденеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және ішінара (25-75% жаңа) негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмысты автор ғылыми кеңесшілерінің жетекшілігімен орындалған. Шетелдік және отандық әдебиет дереккөздеріне сілтеме жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u>	7.1 Қорғауға шығарылған барлық қағидаттар толық дәлелденген;

		2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалды емес; 7.3 Алғаш рет Батыс Қазақстан облысы жағдайында қазақтың ақбас тұқымы малының түрлі тұқымішілік типтерінің тұқымдылық қасиеттері, өнімділік сапасы және кейбір физиологиялық-биохимиялық көрсеткіштері салыстырмалы түрде зерттелген. 7.4 Зерттеу нәтижелерін мамандар етті ірі қара мал шаруашылығында селекциялық үрдісті тиімді басқару технологиясын әзірлеу, білім алушылар білім деңгейін арттыру үшін кең пайдалана алады. 7.5 Диссертацияның нәтижелері бойынша Scopus деректер базасында индекстелетін рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымда, ҚР ҒЖБМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымында, халықаралық конференциялардың материалдарында жарияланған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және	Нәтижелердің шынайылығы зерттелетін қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтырдың әртүрлі тұқымішілік типтерінің мал бастарының жеткілікті іріктеме алуымен және алынған қорытындылардың дұрыстығын растауға мүмкіндік беретін статистикалық әдістер кешенін қолданумен дәлелденеді. Зерттеу жұмыстары аккредиттелген зертханада «МЕМСТ ИСО/МЭК 17025-2009. Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыретіне қойылатын жалпы талаптар» стандартына сәйкес орындалған. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.

		интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Автор зерттеу материалдары мен әдістемесін көрсетті, деректерге статистикалық талдау жүргізді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> /ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Шетелдік және отандық әдебиет дереккөздеріне сілтеме жасалған.
9	Практикалық (тәжірибелік) құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы Батыс Қазақстан облысы жағдайында қазақтың ақбас тұқымы малының әр түрлі тұқымшылдық типтерінің отандық тұқымды селекциялау үшін жаңа әдістерді әзірлеуге негізделген. Ғылыми еңбек мал шаруашылығы саласында жаңа технологияларды одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеу қазақтың ақбас тұқымының генетикалық әлеуетін терең түсінуді және оның әлеуметтік-экономикалық маңызын айқындай отырып, тұқымды сақтау мен селекциялау үрдісін жақсартуға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтырдың әртүрлі тұқымшылдық типтерінің тұқымдылық қасиеттері, өнімділік көрсеткіштері туралы алынған деректер селекционерлерге шаруашылықтық маңызды белгілерін жақсарту мақсатында қолдануға ұсынылады. Нәтижесінде, «Аңқаты» ірілендірілген» және «заволжский» типті бұқашықшарды қолдану етті ірі қара шаруашылығының тиімділігін арттырып, отандық мал шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Сондай-ақ, типтендіру мен стандарттауға бағытталған селекциялық жұмыс нәтижелерін басқа өңірлерге

			бейімдеп енгізу – тұқымның жалпы өнімділік әлеуетін арттырады.
		9.3 Практикалық (тәжірибелік) ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық (тәжірибелік) ұсыныстар жаңа, әсіресе әртүрлі типтегі бұқашықтар ұрпақтарының генетикалық құрылымын микросателлиттік маркерлер бойынша зерттеулері ерекше орын алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған. Ғылыми стильді ұстанған, құрылымы жүйелі.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыстың мәтінінде орфографиялық қателер кездеседі. Ағылшын және орыс тілінде аударылған кейбір сөздердің саламызға сай баламасын жазылуы керек. Алайда, бұл ескерту ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік құндылығын төмендетпейді.	
	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертацияның нәтижелері бойынша 16 ғылыми жұмыс, соның ішінде Scopus деректер базасында индекстелетін рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымда 4 мақала, ҚР ҒЖБМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарында 5 мақала, РФ ғылыми журналдарында 2 мақала, халықаралық конференциялардың материалдарында 1 мақала жарияланды. Авторлармен 1 әдістемелік ұсыным басылып шығарылды. Селекциялық жетістіктерге 3 патентті бар.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Кулбаев Рухан Мадияровичтің «Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған. 6D080200 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.	

Ресми рецензент:

Ауыл шаруашылығының кандидаты, «Adhara»
ЖШС-нің тренинг-менеджері



Шайкамал Г.И.

Күні: 2025 жылғы «13» маусым